

Аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекаралары аншлагтарының үлгілерін, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/96 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 13 сәуірде № 7573 тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.07.2015 № 18-03/692 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.07.2015 № 18-03/692 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Аңшылық шаруашылықтарының, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтарының шекараларын, сондай-ақ аң аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарын көрсететін аншлагтардың үлгілері;"

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтарының, балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарын көрсететін аншлагтардың үлгілері;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.07.2015 № 18-03/692 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің жағалаулық шекараларын білдіретін белгілер мен аншлагтардың үлгілерін, сондай-ақ балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 267 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6238 болып тіркелген, 2010 жылы 30 қарашада № 506-512 (26355) "Егемен Қазақстан", 2011 жылы 2 сәуірде № 124-127 (26529) "Егемен Қазақстан" газеттерінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Е.Н. Нысанбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйырықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2012 жылғы 13 наурыздағы
№ 25-03-02/96 бұйрығына
1-қосымша

Аңшылық шаруашылығы шекараларының, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтарын, сондай-ақ аң аулау үшін тыйым салынған мерзімдері мен орындарын көрсететін аншлагтардың үлгілері

1. Аңшылық шаруашылығы және немесе учаскелері шекараларын көрсететін негізгі аншлагтың үлгісі

Аңшылық шаруашылығы субъектінің атауы
Аңшылық шаруашылықтың (участкенің) атауы
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!
Рұқсатсыз және мерзімнен тыс уақытында аңшылық жүргізген үшін әкімшілік айыппұл салынады!
Байланыс тел. 8 (код) нөмірі
Аңшылық шаруашылығының карта - сызбасы
Карта - схема охотничьего хозяйства
Наименование субъекта охотничьего хозяйства
Наименование охотничьего хозяйства (участка)
ВНИМАНИЕ
За охоту без разрешения и вне сезона налагается административный штраф!
Контактный тел. 8 (код) номер

Ескертпе:

Негізгі аншлаг аңшылық шаруашылығы және немесе учаскелерінің шекараларын білдіреді (бұдан әрі – № 1 аншлаг) аңшылық шаруашылығы және немесе учаскелерінің шекараларында орнатылады және карта-сызбасы болады.

№ 1 аншлагта мынандай ақпараттар көрсетіледі:

1) аңшылық шаруашылығы субъектісінің атауы;

- 2) аңшылық шаруашылығының және (немесе) учаскенің атауы;
- 3) байланыс телефоны;
- 4) аң аулау қағидасын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту шаралары.
- 5) аңшылық шаруашылығының және (немесе) учаскелерінің карта–сызбасы.

2. Өсімін молайту учаскесін көрсететін аншлагтың үлгісі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Өсімін молайту учаскесі

Аңшылықты жүргізуге тыйым салынады!

Учаскенің карта-сызбасы

Карта-схема участка

ВНИМАНИЕ!

Воспроизводственный участок

Охота запрещается!

Ескертпе:

Өсімін молайту учаскесін білдіретін аншлаг (бұдан әрі - № 2 аншлаг) жануарлардың көбею орындарында орнатылады және ол жерлерде аң аулауға тыйым салынған мерзімнің ұзақтығы туралы ақпараттандырады, учаскенің карта–сызбасы болады.

3. Аңның тыныштық аймағын көрсететін аншлагтың үлгісі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Аңның тыныштық аймағы

Аңшылықты жүргізуге тыйым салынады!

Учаскенің карта-сызбасы

Карта-схема участка

ВНИМАНИЕ!

Зона покоя дичи

Охота запрещается!

Ескертпе:

Аңның тыныштық аймағының шекараларын көрсететін аншлаг (бұдан әрі – аншлаг № 2) аң аулауға жыл бойы тыйым салынған орындарда орнатылады және карта–сызбада көрсетілген учаскеде аң аулауға тыйым салынғаны туралы ақпараттандырады.

4. Аңшылық шаруашылығында және (немесе) учаскелерінде аң аулауға тыйым салынған мерзімдері мен орындарын көрсететін аншлагтың үлгісі

Аңшылық шаруашылығы субъектісінің атауы

Аңшылық шаруашылығының (учаскенің) атауы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

20__ жылдың _____ " _____ " _____ " _____ " аралығында

Аңшылықты жүргізуге тыйым салынады!

Учаскенің карта-сызбасы

Карта-схема участка

ВНИМАНИЕ!

Охота запрещается в период

с "___" _____ по "___" _____ 20__ года

Наименование охотничьего хозяйства (участка)

Наименование субъекта охотничьего хозяйства

Ескертпе:

Аң аулауға тыйым салынған мерзімдері мен орындарын көрсететін аншлаг (бұдан әрі – аншлаг № 4) аңшылық шаруашылығында және (немесе) учаскелерінде орнатылады, аң аулауға тыйым салынған мерзімдері мен орындары туралы ақпараттандырады, сондай-ақ аңшылық шаруашылығы субъектісінің атауы, аңшылық шаруашылығы және (немесе) учаскенің атауы туралы ақпараты, аңшылық шаруашылықтың және (немесе) учаскенің карта-сызбасы болады.

Аншлагтардың жалпы сипаттамалары

Аншлагтар келесі сипаттамаларға сәйкес болуы тиіс:

тіреуіш бағанадан және белгі беру тақтадан тұруы тиіс;

белгі беру тақтасы тік төртбұрыш түрінде оның мөлшері мен қатысты ұзындығы 1,2 метр және жалпақтығы 0,6 метрден кем болмауы тиіс;

белгі беру тақтасының төменгі жағынан жер бетіне дейінгі арақашықтық 1,5 метрден кем болмауы тиіс;

Аншлагтардың негізгі түстері:

№ 1 аншлаг үшін - ашық көк түс;

№ 2 және № 3 аншлагтар үшін – сары түс;

№ 4 аншлаг үшін – ашық қызыл түс;

аншлагтардың жиектері үшін –көк түс.

Жазбалар мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы тиіс.

Аңшылық шаруашылығы шекараларының, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтарының, сондай-ақ аң аулау үшін тыйым салынған мерзімдері мен орындарының карта-сызбалары белгі беру тақтаның ортасында орналасуы, өлшемі белгі беру тақтаның 1/4 бөлігінің өлшемінен кем болмауы және 1/3 бөлігінің өлшемінен артық болмауы тиіс және бейне көк түспен бейнеленуі тиіс.

Аншлагтар саны 1 бірліктен кем болмайтын аңшылық шаруашылығы және (немесе) учаскелерінің шекаралары бойындағы кіреберіс жолдардың оң жағына орнатылады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2012 жылғы 13 наурыздағы
№ 25-03-02/96 бұйрығына
2-қосымша

Өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтардың, балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған мерзімдері мен орындарын көрсететін аншлагтардың үлгілері

1. Өсімін молайту учаскелерінің шекараларын көрсететін аншлагтың үлгісі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

УЫЛДЫРЫҚ ШАШУ ОРНЫ!

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашуы және көбеюі кезеңінде

"__" _____ - "__" _____ аралығында балық аулауға тыйым салынады.

Уылдырық шашу орындарының карта-сызбасы

Карта-схема мест нерестилища

ВНИМАНИЕ!

НЕРЕСТИЛИЩЕ!

Рыболовство запрещается в период нереста и размножения рыбных ресурсов и других водных животных

с "__" _____ - "__" _____.

Өсімін молайту учаскелерінің шекараларын көрсететін аншлаг (бұдан әрі – аншлаг № 1) балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбею орындарында орнатылады және балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашуы және көбеюі кезеңінде балық аулауға тыйым салынған мерзімнің ұзақтығы туралы ақпараттандырады, су айдынның және (немесе) учаскенің карта-сызбасы болады.

2. Тыныштық аймағының шекараларын көрсететін аншлагтың үлгісі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ТЫНЫШТЫҚ АЙМАҒЫ!

Балық аулауға тыйым салынады.

Тыныштық аймағының карта-сызбасы

Карта-схема зоны покоя

ВНИМАНИЕ!

ЗОНА ПОКОЯ!

Рыболовство запрещается.

Ескертпе:

Тыныштық аймағының шекараларын көрсететін аншлаг (бұдан әрі – аншлаг № 2) балық аулауға жыл бойы тыйым салынған орындарда орнатылады және карта-сызбада көрсетілген су айдында және (немесе) учаскеде балық аулауға тыйым салынғаны туралы ақпараттандырады, су айдынның және (немесе) учаскенің карта-сызбасы болады.

3. Балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің шекараларын көрсететін аншлагтың үлгісі

**БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СУБЪЕКТИСІНІҢ АТАУЫ
СУ АЙДЫНЫНЫҢ және (немесе) УЧАСКЕСІНІҢ АТАУЫ
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
РҰҚСАТСЫЗ НЕМЕСЕ ЖОЛДАМАСЫЗ БАЛЫҚ АУЛАҒАН ҮШІН
ӘКІМШІЛІК АЙЫПТҰЛ САЛЫНАДЫ!**

Байланыс тел: 8 (код) нөмірі

Балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің карта-сызбасы

Карта-схема рыбохозяйственного водоема и (или) участка

НАИМЕНОВАНИЕ СУБЪЕКТА РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА

НАИМЕНОВАНИЕ ВОДОЕМА и (или) УЧАСТКА

ВНИМАНИЕ!

ЗА РЫБОЛОВСТВО БЕЗ РАЗРЕШЕНИЯ ИЛИ ПУТЕВКИ

НАЛАГАЕТСЯ АДМИНИСТРАТИВНЫЙ ШТРАФ!

Контактный тел: 8 (код) номер

Ескертпе:

Балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің шекараларын көрсететін аншлаг (бұдан әрі – аншлаг № 3) бекітілген балық шаруашылығы су айдына және (немесе) учаскеге келетін жолдарда орнатылады, балық шаруашылығы субъектісінің атауы, су айдының және (немесе) учаскенің атауы, байланыс телефоны туралы ақпараты болады және рұқсатсыз немесе жолдамасыз балық аулағаны үшін әкімшілік жауапкершілігі туралы ақпараттандырады, су айдының және (немесе) учаскенің карта–сызбасы болады.

4. Балық аулауға тыйым салынған мерзімдері мен орындарын көрсететін аншлагтың үлгісі

**БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СУБЪЕКТИСІНІҢ АТАУЫ
СУ АЙДЫНЫНЫҢ және (немесе) УЧАСКЕСІНІҢ АТАУЫ
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

"__" _____ - "__" _____ аралығында карта-сызбада көрсетілген орында балық аулауға тыйым салынады.

Балық аулауға тыйым салынған орындардың карта-сызбасы

Карта-схема мест запретные для рыболовства

НАИМЕНОВАНИЕ СУБЪЕКТА РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА

НАИМЕНОВАНИЕ ВОДОЕМА и (или) УЧАСТКА

ВНИМАНИЕ!

Рыболовство запрещается в местах указанных на карте-схеме водоема в период

с "__" _____ - "__" _____.

Ескертпе:

Балық аулауға тыйым салынған мерзімдері мен орындарын көрсететін аншлаг (бұдан әрі – аншлаг № 4) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде орнатылады, балық аулауға тыйым салынған мерзімдері мен орындары

туралы ақпараттандырады, сондай-ақ балық шаруашылығы субъектісінің атауы, су айдынның және (немесе) учаскенің атауы туралы ақпараты, су айдынның және (немесе) учаскенің карта–сызбасы болады.

Аншлагтардың жалпы сипаттамалары

Аншлагтар мына сипаттарға сәйкес болуы тиіс:

тіреуіш бағанадан және белгі беру тақтадан тұруы тиіс;

белгі беру тақтасы тік төртбұрыш түрінде және мөлшері мен қатысты ұзындығы 1,2 метр және жалпақтығы 0,6;

белгі беру тақтасының төменгі жағынан жер бетіне дейінгі арақашықтық 1,5 метрден кем болмауы тиіс.

Аншлагтардың негізгі түстері:

№ 1 аншлаг үшін – жасыл түс;

№ 2 аншлаг үшін – ақ түс;

№ 3 аншлаг үшін – сары түс;

№ 4 аншлаг үшін – ашық көк түс;

аншлагтардың жиектері үшін – қызыл түс.

Белгі беру тақтадағы жазбалар мемлекеттік және орыс тілдерінде қара түспен жазылуы тиіс.

Өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтардың, балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған мерзімдері мен орындарын көрсететін карта – сызбалары сигналдық тақтаның ортасында орналасуы, өлшемі сигналдық тақтаның 1/4 бөлігінің өлшемінен кем болмауы және 1/3 бөлігінің өлшемінен артық болмауы тиіс және бейне көк түспен бейнеленуі тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2012 жылғы 13 наурыздағы
№ 25-03-02/96 бұйрығына
3-қосымша
Нысан

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналы (кәсіпшілік журнал)

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 15.06.2023 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі)

(ведомствоның аумақтық бөлімшесімен келісім-шарт жасасқан балық шаруашылығы субъектісінің атауы)

(бригадирдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), басқа жауапты тұлға)

Аулау күні	Су айдынының немесе учаскенің атауы	Пайдаланылған аулау құралдарының түрлері және саны	Аулауды жүзеге асырған балықшылар саны	Ауланған балық көлемі, килограмм
1	2	3	4	5

Кестенің жалғасы

Ауланған балықтың түрлік құрамы, балық түрлері, килограмм	Жіберілген балық көлемі, килограмм	Жіберу күні, жүк құжаты № автокөлік, кеме №	Ауланған балықты қабылдаушының аты-жөні, қолы
6	7	8	9